

Қазақ тілі (Т1), 9-сынып

Пән мұғалімі:

**Егинбаева Гульзинат
Амировна,**

**«№1 «Білім-инновация
лицей-интернаты» мұғалімі**

Оқулық:

«Арман - ПВ» баспасы

Сабактың тақырыбы:

**Әлемдегі саяси және
әскери қақтығыстар ошағы**



Оқу мақсаттары:

9.1.2.1 қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (мақала, интервью) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау;

9.4.4.4 аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану.

Сіз сабақта біліп аласыз:

- Өз көзқарасыңызды мәтіндердің мақсатты аудиториясы мен көркемдегіш құралдары арқылы талдап, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, тақырыптарға байланысты әлемдегі саяси және әскери қақтығыстардың ошағымен танысамыз.
- Аралас құрмалас сөйлемнің жасалу жолын түсініп, мысалдар келтіре отырып қолдануды үйренеміз.

Сіз сабақта меңгересіз: Әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндермен талқылау сұрақтары арқылы талдау жүргізуді және аралас құрмалас сөйлемнің жасалу жолымен танысып, сөйлемдер құрастыруды білесіз.

Талқылау тапсырмасы:

Суретке назар аударыңдар. Картадағы аймақтардың осылайша (жасыл, сары, сарғыш, қызыл, қою қызыл) белгілену себептері туралы өз болжамдарыңды айтып, ой бөлісіңдер. **(166-бет)**

https://09f0d34d-abe7-4f91-aa7b-c96e89f7091d.filesusr.com/ugd/f18fa9_b66c88355015413e99dc4bfaa8088c51.pdf



Жаңа сөздер:

Қақтығыс (*Конфликт; collision*) ұғымы – әлеуметтік-саяси күштердің, саяси қатынас субъектілерінің текетірестері өтетін ерекше саяси жағдайды білдіреді. Бұның өзі әрекеттің тікелей процесі, мұнда қарсы тұрушылықтың шынайы фактілері бар. "Дағдарыс" және "қақтығыс" ұғымдары қоғамдық өмірде әлеуметтік практиканың өзара байланысты кезеңдерін бейнелейді.

Саяси қақтығыс – саясат субъектілерінің саяси мәртебе мен институттарды, әлеуметтік тәртіпті сақтау немесе өзгерту, түрлендіру мақсатындағы билік үшін теориялық және іс-жүзіндегі күресі. Биліктік ресурстарды, игіліктерді ұстап қалуға және бөлісуге ұмтылған екі немесе бірнеше жақтың өзара әрекеті болып табылады.

Әскери қақтығыс – әдетте соғысқа ұласпайтын әскери жанжал; мемлекеттер арасындағы қайшылықтарды шешудің ерекше жолы. Қақтығысушы екі мемлекеттің немесе осы мемлекеттердегі бітіспес күштердің қысқа мерзімді қарулы шекісуінен көрініс табады.

Қарулы қақтығыс – бір-біріне қарсы тұрған күштер арасындағы әскери қимылдар. Онда белгілі бір саяси, экономикалық, әскери, т.б. мақсаттарға жету үшін ұйымдасқан түрде қарулы соғыс құралдары қолданылады.

Жаңа сабақ.

Интервью

<https://www.youtube.com/watch?v=zlEXcOH1ihE>

Қарулы қақтығыс – бір-біріне қарсы тұрған күштер арасындағы әскери қимылдар. Онда белгілі бір саяси, экономикалық, әскери, т.б. мақсаттарға жету үшін ұйымдасқан түрде қарулы соғыс құралдары қолданылады. Қарулы қақтығыс кезінде мемлекеттер әр түрлі мүдделерді көздейтін саяси күштер, әлеуметтік топтар арасындағы қарама-қайшылықтарды шешуді мақсат етеді. Әлеуметтік-саяси, ұлттық, діни, аймақтық және басқа негіздерде қарулы күреске, әскери жанжалға ұласып, адам шығындарына әкелуі мүмкін. Қарулы қақтығыс мемлекеттің қоғамдық-саяси дамуына кері әсер етіп, оның ішкі қауіпсіздігіне, саяси тұрақтылығына нұқсан келтіреді.

Мақала (166-167-б.) 2-тапсырма.

<https://09f0d34d-abe7-4f91-aa7b>

c96e89f7091d.filesusr.com/ugd/f18fa9_b66c88355015413e99dc4bfaa8088c51.pdf

Әлемде қақтығыстар саны күн санап кемудің орнына артып келе жатқанына төрткүл дүние куә. Қазіргі таңда әлемнің бірнеше мемлекеті ішкі тыныштығы мен қауіпсіздігін сақтай алмай отыр. Көпшілігі - Азия мен Африка елдері... (толық нұсқаны оқулықтан оқыңыз.)

Сабақ мақсатымыз: Мәтіндердің мақсатты аудиториясын тауып, мәтіндерде кездесетін көркемдегіш құралдарды ажыратамыз.

Тапсырма. Мәтіндерде кездесетін көркемдегіш құралдарды анықтап, мақсатты аудиториясын көрсетіңіздер. Мәтінде осы аталған мемлекеттер неліктен қақтығыс ошақтары болып отыр? Өз көзқарасыңызды көркемдегіш құралдың 1 түрін қолданып, мысал келтіріңіздер. Өз жауаптарыңызды кезекпен оқыңыздар.

Дескриптор:

- көркемдегіш құралдарды анықтайды;
- көркемдегіш құралдың 1 түріне мысал келтірді;
- мақсатты аудиториясын көрсетеді;
- өз көзқарасын мысалы арқылы ережеге сай береді.



Сабақ мақсатымыз: аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білеміз, сөйлемдер құрастырып қолданамыз.

167-бет https://09f0d34d-abe7-4f91-aa7b-c96e89f7091d.filesusr.com/ugd/f18fa9_b66c88355015413e99dc4bfaa8088c51.pdf

Аралас құрмалас сөйлем

Кемінде үш сөйлемнен құралып, бір-бірімен сабақтаса да салаласа да байланысатын құрмалас сөйлемнің түрі.

Аралас құрмалас сөйлемнің 2 баяндауыштары тиянақты ал біреуінің баяндауышы тиянақсыз болып келеді.

Баяндауышы тиянақты жай сөйлемдер-
басыңқы

Баяндауышы тиянақсыз жай сөйлемдер-
бағыныңқы

Аралас құрмалас сөйлем

Әлі де қала ішінде қоштасатын жерлеріміз көп сияқты еді, ол баяғы басқа күндердің елесі екен, енді ешнәрсеге мойнымыз бұрылар емес (Ғ.М.).

Жүріп келе жатқан жолдарында шаң жоқ, тұтас тығыз аласа көк бетеге, жасыл шалғын бар (М.Ә.).

Батар күннің қиғаш түскен шұғыласына шағылысып, қызғылт қия тастарға кесек-кесек біткен алтындай жарқырайды (Ғ.М.).

• Тест тапсырмалары:

- 1. Аралас құрмалас сөйлемнің сызбасын көрсет.
- Қорған кезінде топырақ арластыра тастан қаланған екен де, бұл кезде қорғанның үстіне жыңғыл мен шеңгел араласа шығып, өзінше ол да бір сән беріп тұр.
- А) бағыныңқы, басыңқы, басыңқы.
- Ә) басыңқы, бағыныңқы, басыңқы...
- Б) бағыныңқы, бызыныңқы, басыңқы.
- 2. Аралас құрмалас сөйлем неше жай сөйлемнен тұрады?
- А) 5. Ә) 3. Б) 1.
- 3. Аралас сөйлем әрдайым бағыныңқы болып келе ме?
- А) иә. Ә) жоқ. Б) мүмкін.
- 4. Аралас құрмалас сөйлемнің сызбасын көрсет.
- Күн шығып, ел тұра бастады, - Нұрлан әлі жоқ.
- А) бағыныңқы, басыңқы, басыңқы.
- Ә) басыңқы, басыңқы, бағыныңқы...
- Б) бағыныңқы, бызыныңқы, басыңқы.

Сабақ мақсатымыз:

Аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білеміз, сөйлемдер құрастырып қолданамыз.

Тапсырма. Кестені толтырыңдар. Қақтығыс ошақтары саналатын екі елді таңдап, жоғарыдағы мәтіндерге сүйене отырып, кестені толтырыңдар. Аралас құрмалас сөйлемдерді қатыстырыңдар.

Дескриптор:

- кестені толтырады.;
- мәтіндердегі ақпаратты қолданып, кестені толтырады;
- өз пікірін аралас құрмалас сөйлемдермен білдіреді;
- аралас құрмалас сөйлемдерді қолданады.

| | |
|-----------------|---|
| Елдер | |
| Қақтығыс себебі | |
| Нәтижесі | |
| Өз пікірің | • |

Рефлексия

- Бүгін мен . . . білдім.
- Бүгін мен . . . үйрендім.
- Маған . . . көмек қажет.